

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

и практика материалы III Международной научно-практической конференции. Под общей редакцией Р.А. Ромашова. 2013. С. 249-252.

5. Аномальное сексуальное поведение / под ред. А.А. Ткаченко, Г.Е. Введенского. М., 1997. Гл. 1 С.-Пб.: Юрид. центр Пресс, 2003. — 657 с.

УДК 343.2

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ОНЫ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Абилдаева Аружан

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті 2 курс, «Құқықтану» мамандығының студенті, Астана, Қазақстан

Ғылы жетекшісі – М.Б. Муратханова

Экстремизм дегеніміз латын сөзі «шеттеу», яғни орталықтан ауытқу, тәртіпке бағынбау, өз пікірімен ғана іс – әрекет жасаушы деген ұғымды білдіреді. Діни-саяси экстремизм болса, әртүрлі діни пікірлерге негізделгеніне қарамай, олардың іс-әрекеттері Қылмыстық істер кодексінің баптарына сәйкес келеді. Яғни, діни-саяси экстремизм – дiттеген саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін, дiндi қалқан ете отырып әрекет етушi, дiнге ешқандай қатысы жоқ іс-қимыл. Басқаша атағанда - терроризм (лаңкестік). Мұндай әрекеттер көбіне мемлекеттің құрамын күшпен өзгертуге немесе үкіметті басып алуға бағытталады. Қауіпті жағдайға айналған осындай әрекеттерді іске асыру, көбіне қарулы топтар құрып, өзара өшіктіру әдістерін қолдану арқылы дін және ұлттық қайшылықтарды қоздырумен, сондай-ақ адам құқын жаппай бұзумен қатар жүреді.

Қазақстан көпұлтты және зайырлы мемлекет екені барлығымызға белгілі. Көпұлтты мемлекет болғандықтан, елімізде әртүрлі дiндер де тараған. Олардың ең маңыздылары: ислам дiнінің сунниттік бағыты мен христиан дiнінің православие бағыты. Исламды Қазақстан тұрғындарының 64,45 пайызы ұстанады. Бұл туралы Ұлттық статистика бюросы жариялаған халық санағының қорытындысында көрсетілген. 2021 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша респонденттердің 64,45%-ы ислам дiнін ұстанатынын, 20,45%-ы православиелік христиандықты, 0,11%-ы буддизмді, 0,07%-ы католицизм мен протестантизмді, 0,05%-ы иудаизмді ұстанатынын көрсеткен. Қазақстандықтардың тек 2 пайызы ғана өздерін дiнге сенбейтiн деп атаса, тағы 11,84 пайыз респондент бұл сұраққа жауап беруден бас тартты [1].

Ең алғаш Қазақстан Республикасы мемлекеттің зайырлы екендігін 1992 жылы 15 қаңтарда «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы бойынша бекітті. Сол сәттен бастап еліміздегі діни мәселелердің барлығы осы заң бойынша реттелетін болды [2].

Бұл заң өзінің шыққан сәтінен бастап діни ұйымдардың дiндi экстремистік тұрғыдан насихаттауына ешбір кедергі келтірмеді. Алайда, 1995 жыл мен одан кейінгі 10 жылдықта елдегі дiн мен діни ұйымдарды реттеу мақсатында жаңа нормативтік құқықтық актілердің шығуына байланысты заң ұдайы өзгеріске ұшырап отырды.

Мәселен, 2005 жылы ғана қарастырылып отырған заңда кіріспе (преамбула) енгізіліп онда:

Осы Заң Қазақстан Республикасының әрбір адамның наным бостандығы құқығын құрметтейтін демократиялық, зайырлы мемлекет болып табылатынын таниды, азаматтардың

діни сеніміне қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік береді, Қазақстан халықтарының рухани мұрасымен үйлесетін діндердің мәдени және тарихи құндылығын және конфессияаралық келісімнің маңыздылығын, діни төзімділікті және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеуді таниды [3].

Және сол жылы 4 бапқа өзгеріс енгізіліп, діни экстремизмді насихаттауға тыйым салды [4].

Уақыт өте келе бұл заңның күші діни экстремизмнің артуымен, едәуір өршіген радикалды терроризмнің әсерімен, қолдану тиімсіз болып, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» қазақстан республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-iv заңы) жаңа заңының шығуымен өз маңызын жоғалтты

1995 жылы жалпыхалықтық референдумда еліміздің жаңа конституциясы қабылданып, 98 бап енгізілді. Ол бойынша мемлекетіміз түбегейлі зайырлы мемлекет деп жарияланды (1бап), ар-ождан бостандығы енгізілді (22 бап) ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – қр 10.03.2017 № 51-vi (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) заңымен. Террористік қылмыстар жасағаны үшін азаматтықтан айыратын заңға түзету енгізілді.

Бұл заңдардың түзетуі Қылмыстық Кодекстің мына баптарын қатандатуды қарастырылумен жүзеге асты: 170, 171, 173, 177, 178, 184, 255, 256, 258, 259, 260, 261, 269 және ҚР ҚК 270 [5].

Жаңа заңдардың қабылданып, өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі елдегі болған өзгерістер мен заңдардың тиімсіздігіне байланысты өзгеріске ұшырап отырды.

1990 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басында өз елдерінде заңсыз қарулы құрылымдарға мүше болғаны үшін іздеуге түскендер тергеуден жасырынып, Орта Азия елдеріне келіп уақытша пана іздеді (Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан) [6]. Атеистік КСРО-ның құрамынан енді шыққан қоғамның ешқандай діни білімі болмады. Оның үстіне мемлекетіміз енді ғана аяғынан тұрып, дағдарысты еңсерейін деп жатқан кезде, тек қоғам қауіпсіздігі мен діни мәселелерден бөлек экономика, саяси тұрақтандыру, шаруашылық, әлеуметтік жағдайды көтеру тағы басқа да көптеген салаларға көңіл бөлу керек болды. Цензураны желеу еткен, сыртқы әлемнен ақпараттық жабықтықты ұстанған КСРО-дан шыққан мемлекетіміздің ішіне сырттан әртүрлі идеялар ағылды. Осы өтпелі кезеңде халықтың көңіл күйі де сырттан келген дүниелерге қызығушылыққа жақын болды ма деген ой да бар. Осындай әлсіздеу болып тұрған қоғамға шетелден келген террористер радикалды діни идеяларын насихаттай бастап, террористік ұйымға адамдар жинады. Оған мысал ретінде, Өзбекстандағы “Орталық Азиядағы моджахеттер жамағаты”, Қазақстандағы “Хизб-ут-Тахрир” ұйымдарын келтіре аламыз.

Қазақстанда экстремизм мен террористік идеялардың таралуы 2000 жылдардан кейін байқала бастады. Астанадағы Хизб-ут-Тахрир радикалды діни-саяси ұйымы өз идеяларын насихаттап, әдебиеттер мен парақтарын таратқандықтан экстремистік ұйым деп танылып, 2005-жылы наурызда бұл ұйымның қызметіне тыйым салынды. 2011-2012 жылдары экстремистік және террористік іс-әрекеттердің шарықтау шегі болды. Еліміздің әртүрлі аймақтарында 14 экстремистік әрекет жасалып, құқық қорғау күштеріне қарулы қақтығыс көрсетті. Бұл жағдай 51 экстремист, 13 құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің және 6 азаматтың өліміне әкелді. 2011 жылға дейін экстремистер мен құқық қорғау органдары арасындағы жалғыз қарулы қақтығыс 2000 жылдың 28 қыркүйегінде Алматыда Ішкі Істер министрлігінің арнайы жасақтары төрт адамнан тұратын топты жойған кезде болды. Қаза тапқандар - ұйғырлар, Қытай және Түркия азаматтары болды. Оның алдында олардың «Ұйғырстанды азат ету» ұйымының мүшелері екендігі және екі құқық қорғау қызметкерін өлтіргендігі анықталды [7].

Жоғарыдағы мысалдардан террористік әрекеттердің зияны мол екенін айта аламыз. Қоғамдағы бейбітшілік пен тыныштықты сақтау үшін біз мұның себептерін анықтай отырып, террористік ұйымдардың көздеген мақсаттарымен күресуіміз қажет.

Экстремизм мен терроризмнің қоғамда таралу факторлары:

Биліктің назар аудармауы және заң күшінің әлсіздігі
Діни сауатсыздық;
Географиялық орналасу аумағы;
Құқық қорғау органдарының әлсіздігі мен қауіпсіздік деңгейінің төмендігі;
Идеологиялық вакуум;
Рухани тұлғаларды дайындау деңгейінің төмендігі;
Халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі;
Үдемелі жұмыссыздық;
Саяси тұрақсыздық;

Бұл факторлардың террористік идеялардың тарауына үлкен әсері бар.

Мысалы, жоғарыда айтылып өткен 21 ғасырдың басындағы заңдардағы өзгерістерді алмағанда, 1990 жылдарда елде ешбір діни ұйымға, әрекеттерге топтарға ешқандай қарсылық болмады.

В.И Данилов ««Современная религиозная ситуация в Казахстане как угроза национальной безопасности России» деген өз мақаласында «Елдегі дінге деген демократиялық көзқарастар діни экстремизмнің күшеюіне алып келді, өз уақытында ешқандай заңдық әрекеттер жасалмады. Оның себебі мемлекет басшыларының Қазақстан Республикасы аумағында экстремистік ұйымдар мен әрекеттердің барын жоққа шығаруы» деп айтып өткен болатын.

Осындай көзқарастардың нәтижесінде елдегі экстремистік жағдайлар күшейді, оны тек мемлекет атынан жасалынған қателік деп түсіндіруге болады.

Қазақстанның географиялық орналасқан аумағының қолайлығынан осындай идеялар бізге де ортақ жетті. Тек Қазақстанды ғана емес, бүкіл әлемдік мәселеге айналып отыр. Бұл жерде бірегейлік те әсер етуде. Қоғамдық біртұтастықтың деңгейінің төмендігі және қоғамда идеологиялардың болмауы адамдардың жат ағымдар мен идеологияға еріп кетуіне жағдай тудырады. Әлеуметтік жағдайдың төмендігі адам бойында өзі өмір сүріп отырған мемлекетіне деген жағымсыз ойларының қалыптасуына, кейінірек наразылығының болуына алып келуі мүмкін. Бұл да экстремистік ойларды тудыратын факторлардың бірі. Сонымен қатар, барлық деңгейдегі саяси шешімдер мен әрекеттер экстремизмнің өршуіне алып келуі мүмкін. Өйткені жаһандық, ұлттық және жергілікті деңгейдегі саяси шешімдер мен оқиғалар экстремизмнің негізгі қозғаушы күштерінің бірі болып табылады. Мысал үшін, Нигерияда сайлаудағы сыбайлас жемқорлықтың болуы жастар мен азшылық топтар арасында сайлаушылардың төмен қатысуына алып келді. «Бока Харам» сияқты экстремистік ұйымдар пайда болды [8]. Жоғарыда мысалға келтіріп кеткендей зорлық-зомбылыққа итермелейтін идеялардың туындауына себептер қозғалып өтті. Ендігі кезекте экстремизмнің себептерімен күресу және де оның алдын алу, болдырмау шараларына тоқтала кетеміз.

Экстремизмнің профилактикасы дегеніміз – экстремизмнің алдын алуға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік, насихаттық және өзге де шаралар жүйесі [9]. Қазақстанда терроризм және экстремизммен күресу үшін көптеген алдын алу шаралары ұйымдастырылды. Енді сол шараларға тоқтала кетеміз. 2011-2012 жылдары экстремистік белсенділіктің өсуі кездесті, бұл мемлекет пен оның органдарының қатаң реакциясына алып келді. 2011 жылы қазан айында «Діни қызмет және діни бірлестіктер» заңы қабылданды. Бұл мемлекеттік дін және конфессияаралық қатынастарды бақылауды күшейтті. Қазақстан Республикасы терроризмге қарсы заң шығару үдерістерінен тыс қалмады. Терроризм мен экстремизмге қарсы бірқатар заңнамалық актілер қабылданды. Оларға мыналар жатады :

1997 жылғы 26-маусымдағы “ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы” Қазақстан Республикасының заңы, сондай-ақ, 2000 жылғы 10-ақпандағы “ҚР Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы” ҚР Президентінің жарлығы қабылданды. ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы заңның 4-бөлімінің 19-бабының 5-тармағы “қылмысқа, оның ішінде оның ұйымдасқан нысандарына, сыбайлас жемқорлыққа, терроризмге және экстремизмге қарсы күресті күшейту” туралы жазылған. 2000 жылғы Президенттің «Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю,

олардың Қазақстан аумағында таралуына жол бермеу» мақсатына қаулысы жолданды. Ол қаулы бойынша келесідегідей бұйрықтар берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1) екі жақты және көп жақты мемлекетаралық қатынастар нысандарында визалық режимді ретке келтіру;

2) қару-жарақты, оқ-дәрілерді және әскери техниканы сақтауға, пайдалануға және әкелу мен әкетуге бақылауды күшейту;

3) туристік және өзге де миграциялық ағындарды мемлекеттік реттеу мен бақылау жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу;

4) терроризмге қарсы күрес жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылу туралы, сондай-ақ терроризм мен экстремизмге қарсы күрес жөніндегі ынтымақтастық, осы салада оң тәжірибесі бар елдермен тәжірибе алмасу және мамандар даярлау туралы халықаралық шарттар жасасу туралы мәселені қарау.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне:

1) діни бірлестіктердің қызметіне мониторинг жүргізілу;

2) елде таратылатын әдебиетке дінтанымдық сараптама жасауды қамтамасыз ету.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып халықаралық әуе, темір жол, теңіз, өзен және автомобиль қатынастарын реттеу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан аумағында болу тәртібін сақтауына қатаң бақылауды қамтамасыз ету.

5. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне:

1) жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларын халықаралық алмасулар ісіне сараптама жүргізу;

2) жалпы білім беретін мектептердің бітіруші сыныптары үшін дінтаным негіздері жөнінде бағдарлама мен оқулық әзірлеу.

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті штатта бар адам саны есебінен оңтүстік, оңтүстік-батыс және батыс бағыттарда қосымша кедендік бақылау пункттерін ашу.

7. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы үш ай мерзімде діни бірлестіктер мен діни оқу орындарының, сондай-ақ шетел қатысатын қайырымдылық, мәдени және білім беру ұйымдарының заңдылықты сақтауын тексеру.

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне мемлекеттік органдардың терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылын үйлестіру.

9. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі штатта бар адам саны есебінен терроризмге қарсы күрес жөніндегі бөлімшелерді нығайтсын, сондай-ақ терроризм мен экстремизмнің алдын алу және тыю жөніндегі жедел-ізвестіру қызметін күшейту.

10. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне:

1) 2000 жылдың I тоқсанынан бастап, заңсыз мигранттарды елден шығарып жіберуге қажетті қаражат бөлу;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдар ғимараттарының, аймақтардың тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің және өзге де стратегиялық объектілердің, сондай-ақ маңызды қоғамдық-саяси іс-шаралар өткізілетін орындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін әзірлеп, жүзеге асыру.

11. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы М.М.Тәжинге жүктеу.

12. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне ену [10].

Лаңкестік ұйымдардың көп екені белгілі. Және олардың мақсаттары да әртүрлі. Соның ішінде жоғары саяси ұйымдарды басып алуға талпынатындары да бар. Осыған байланысты мемлекеттер бір-бірімен бірлесе әрекет етуі де маңызды. Орталық Азияда Шанхай форумы аясында Қазақстан мен Ресей, Қытай, Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықты дамытудың маңызы зор. Лаңкестер мен экстремистер туралы ортақ деректер базасын құру, террористік және экстремистік әрекетке, есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл бойынша тәжірибе алмасу, осы құбылыстармен күресуге бағытталған үйлестірілген шараларды әзірлеу және қабылдау Шанхай форумы елдерінің өзара іс-қимылының перспективалы бағыттары болып табылады. Сонымен қатар, «Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес» де мысалға алуға болады. АӨСШК-тің бірінші саммитінде Азияның барлық мемлекеттері қатысқаны маңызды. Аймақтық ұйым халықаралық лаңкестікке табанды түрде қарсы шықты. Саммит нәтижесінде АӨСШК терроризмді жою және өркениеттер арасындағы диалогты ілгерілету туралы Декларациясы қабылданды. АӨСШК саммитінде терроризм мен діни экстремизмге қарсы бастамалары саудаға қатаң бақылау жасауды да қамтамасыз ету керек екенін алға тартып, есірткі мен атыс қаруын таратуға қарсы ынтымақтастық құқық қорғау органдарын құру және кедейшілікпен күресті күшейту туралы айтылды [11].

Жоғарыдағы мысалдар бойынша, бүгінгі таңда Қазақстанның сыртқы және ішкі саясатында экстремизм мен терроризмге қарсы күрес мәселелеріне үлкен мән берілуде. Ұлыбританияның бұрынғы Сыртқы істер министрі Дэвид Милибанд 2009 жылғы 11 қыркүйектегі шабуылдардан кейін «террорға қарсы соғысты» батыстық митинг ретінде пайдалану «пайдасынан гөрі зияны көп» қателік болғанын айтады [12]. Дэвид Милибандтың бұл сөзінен біз террорлық және экстремистік іс-әрекеттерге қарулы қақтығыстармен жауап қайтарудың орнына, жұмсақ күштің қолданылуы тиімдірек болатындығын білеміз. Францияда Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 9 ақпанда жарияланған «Республика құндылықтарын қолдауға білім берудің үлкен мобилизациясы» бағдарламасы қабылданды. Сонымен қатар, бағдарлама мыналарды қамтыды: осы салада 300 000 әдіскер-мұғалім дайындау; тиісті тақырыпқа арналған мектеп БАҚ жүйесін әзірлеу; ұлттық БАҚ және интернет-порталдармен өзара әрекеттесу; Зайырлы мемлекет күнін білім беру ұйымдарында 9 желтоқсанда (Шіркеу мен мемлекетті бөлу туралы Заңның қабылданған күні) енгізу; патриоттық сипаттағы еске алу іс-шараларын өткізу; Ұлттық қорғаныс және азаматтық күнін енгізу; радикалды мінез-құлық нысандары ретінде нәсілшілдік пен антисемитизмге қарсы апталықты енгізу; радикалдануды зерттеу саласындағы зерттеулерді дамыту; студенттердің радикалды діни ұйымдарға тартылуының ықтимал белгілерін көрсететін оқу-әдістемелік құралдарды тарату.[13] Осы жүйеге сүйене келе, Қазақстанда әртүрлі бағдарламалар енгізіп, БАҚ мен оқу әдістемелік құралдардың, мектептегі экстремизмге қарсы және тәрбиеге мән беретін іс-шаралардың өтілуін дұрыс деп санайды.

Соңғы санақ бойынша Қазақстанда мұсылмандар басым болып табылады. Халықтың 64,45% өздерін ислам дінінің ұстанушыларымыз деп санайды [1]. Бірақ көптеген посткеңестік елдердегі сияқты, Қазақстанда да ислам өзіндік ерекшелігі мен дәстүрі деңгейінде көбірек сақталған. Кейбір басқа елдермен салыстырғанда Қазақстанда мұсылмандарында радикалды діни идеялар әлсіз тараған. Pew зерттеу орталығы «Әлем мұсылмандары: дін, саясат және қоғам» хабарлауынша, тек 2% Қазақстан мұсылмандары исламды қорғау үшін адамдарға жасалған шабуылды ақтауға болады деп есептейді (салыстырмалы түрде бұл көрсеткіш Қырғызстанда 10%, Ауғанстанда 39% құрайды). Қазақстанда мұсылмандардың 10% елдегі ресми заң ретінде шарияттың қабылдануын қолдайды (салыстырмалы түрде бұл көрсеткіш Қырғызстанда 35% және 99% Ауғанстанда) [14].

Осы статистикаларға сүйене отырып, Қазақстандағы мұсылмандардың да арасында радикалды ойлардың бар екенін білеміз. Осы тұста халықтың толеранттылық деңгейін арттырып, гуманизмді насихаттау маңызды. Толеранттылыққа жету жолында адам өмірін, адамды және адамдық қадір-қасиетті, басқалардың басқаша ойлау және сезіну құқығын

құрметтеу, көзқарастардың объективтілігі және сыни тұрғыдан ойлауды, өткір және шиеленісті мәселелерді диалог арқылы бейбіт жолмен шеше білуді үйрету және дебат, діннің бөлетін функцияларына емес, біріктіруші қызметіне баса назар аудару керек. Біз бір қоғамда бірлесіп өмір сүретіндіктен, бізбен бірдей өмір сүріп жатқан адамдардың таңдау құқығы мен өмірінің маңыздылығын түсінуіміз және осы үгітті басқаларға насихаттауымыз керек. Адам өмірінің маңыздылығы мен таңдау еркіндігі туралы біздің Ата заңымызда да келтіріледі. «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [15]. Мектеп пен Жоғары оқу орындарында ғана емес отбасы ішінде де тәрбие берген кезде жастардың бойына жалпыадамзаттық құндылық, адамгершілік пен мейірімділікті сіңіріп өсіруіміз қажет. Сонымен қатар діни білімнің дұрыс берілуіне де мән берген дұрыс. 2000 жылғы 10-ақпандағы “ҚР Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы” ҚР Президентінің жарлығы бойынша елде таратылатын әдебиетке дінтанымдық сараптама жасауды қамтамасыз ету, жалпы білім беретін мектептердің бітіруші сыныптары үшін дінтаным негіздері жөнінде бағдарлама мен оқулық әзірлеу туралы бұйрықтар берілген болатын [10]. Осыған байланысты қазір жоғары сынып оқушылары дінтану пәнін меңгеруде. Мектепте және университетте радикалды ойлар мен жат ағымдардың таралмауын бақылауға алу үшін дұрыс діни білім беріп, антиэкстремистік жобаларға шақыра отырып, экстремизмнің өмір сүріп отырған қоғамға қауіп-қатері туралы фильмдер көрсету арқылы жұмсақ насихат жүргізу керек деп есептейміз. Қазақстанда діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу үшін қолданылатын тұңғыш комикс әзірленді. MEIRMAN деп аталатын комикс радикалды діни идеологияны ұстану қаншалықты қауіпті екенін түсіндіреді. Комикс 2019 жылғы Жусан операциясына байланысты түсірілген. Комикс Мейірман есімді баланың Сириядағы лаңкестік әрекет аймағында болған кезінде қандай қиындықтарға тап болғаны туралы баяндайды. Мейірман барлық кедергілерге қарамастан өзінің табандылығының, мейірімділігінің және күшті рухының арқасында отбасымен қайта қауышты және өз елінің лайықты азаматы болып, туған жері Қазақстанға оралуы жайлы жазылған [16]. Бұл кезде 600 адам құтқарылған болатын. Олардың қатарына 413 бала мен 34 жетім бала кірді. Бұл шаралар әр нәрсеге еліктеп тұрған жастардың дұрыс тәрбие ала отырып, білімге баса назар аударуына жол сілтеуі қажет. «Молодежь» ғылыми-зерттеу орталығының қорытындылуы бойынша экстремисттердің 55% 17-29 жас аралығын құрайтындықтан, халықаралық діни экстремизмді насихаттау жастарға бағытталған деп есептейміз [17].

Экстремизмді қозғаушы күштердің бірі әлеуметтік жағдайды реттеумен де айналысу қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты мемлекет тарапынан көптеген әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылуы керек болады. Қазір елімізде әлеуметтік мәселелерді шешуге де көп мән берілуде. Оның ішінде түрлі бағдарламалар бойынша талаптарға сәйкес тұрғын үймен қамтамасыз ету, зейнетақы мөлшерін өсіру, мектептерде белгілі-бір топқа жататындарға ййжеңілдіктер деген сияқты. Жоғары немесе арнаулы орта білім беретін оқу орындарында тегін оқу үшін мамандықтарға грант мөлшерін көбейту сияқты т.б. іс-әрекеттер мемлекет тарапынан жасалуда.

Еліміздегі мұсылмандардың діни сауаттылығын арттыру үшін Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасының рөлі де зор. Жалпы Қазақстандағы мұсылмандықтың да өзіндік ерекшеліктері бар екені белгілі. Біздің территориямыз арқылы ерте орта ғасырларда Ұлы Жібек жолы өтіп жатқан. Ұлы Жібек жолы сауда-экономикалық қатынастармен қатар діндердің таралуына өз әсерін тигізген. Оның үстіне ата-бабамыз түркілерден қалған тәңіршілдік қалдықтары бізде әлі күнге дейін сақталған. Орта ғасырлардағы Қарахан әулеті кезінен бастап, одан кейін Алтын Орда ханы Беркенің кезінде даламызға Ислам діні келді. Солай Ислам діні мен сақталған тәңіршілдік қалдықтары бір-бірімен тоғыса отырып, өмір сүрді. Кейін Ресей Империясы тұсында халқымыз тәңіршілдіктің орнына мұсылмандыққа жақын бола бастады. Бұған себеп Ресейден татар молдалар, имамдарының ортамызға жіберіле бастау еді. Тәңіршілдік ұмытыла бастағанымен, шамандық қалдықтар ұлттық

дәстүрлерімізде сақталып қалды. Мысалы, бесік аластау, аруаққа деген құрмет және т.б. Не дегенмен еліміздегі мұсылмандар үлесі басым болғандықтан Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасының білікті дінтанушы және исламтанушылары біздің қоғамдағы осындай діни мәселелерді ескере отырып, мұсылмандарға дұрыс бағытты көрсете отырып, түрлі шаралар да өткізуде. Сонымен қатар, еліміз көпұлтты болғандықтан Қазақстан Халық Ассамблеясы ұлттар арасындағы татулық пен үндестікті сақтап, жоғарыда айтып кеткен толеранттылық, басқалардың көзқарасына құрметпен қарауға шақыратын насихаттау мен түрлі шаралар өткізуде.

Қазіргі уақытта Қазақстанда жеке адамға және қоғамға келтірілген зиян деңгейіне қарай 23 экстремистік және террористік ұйымның қызметіне сот тәртібімен тыйым салынды. Егер адам құқықтары мен бостандықтары бұзылды деген болжам бар болса, онда Қазақстанда жұмыс істейтін «114 ыстық желі» дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-кеңес беру орталығына хабарласу керек. Кез келген адам стационарлық телефон арқылы 114 нөміріне мүлдем тегін және анонимді түрде хабарласып, білікті мамандардан құқықтық, діни, теологиялық, психологиялық кеңес ала алады.[18]

Қазір, Қазақстан діни экстремизмге қарсы бірқатар шаралар жасағаны бізге белгілі. Дінге сенушілердің радикалдануының негізгі көзі интернет болып табылады. Желі терроризм идеяларын таратуға мүмкіндік беріп отыр. Осыған байланысты, терроризм мен экстремизмнің идеяларын таратудың 100 мыңнан астам фактілері анықталып, залалсыздандырылды. Қарағанды облысының полиция қызметкерлері әлеуметтік желілерге тыйым салынған діни ағым идеяларын насихаттайтын бейнероликтің жариялану фактісін анықтады. 27 жастағы ер адамға заң бойынша 100 МРП- 277 800 теңге көлемінде айыппұл салынды. Енді статистикаға келетін болсақ, 2013-2017 жылдары халықтың 90% профилактикалық шаралармен қамтылды. 91 қазақстандықтарға шетелге соғыс қимылына қатысуға тосқауыл қойып, террорлық және діни экстремистік қылмыстар үшін 123 адам сотталды [19].

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII-ші съезіне қатысушылар ортақ келісімге келген мәселелерді бейнелейтін декларацияға қол қойды. «Экстремизм, радикализм, терроризм және басқа да барлық зорлық-зомбылық пен соғыс түрлері, олардың мақсаты мен мақсаты қандай болмасын, олардың шынайы дінге еш қатысы жоқ және олардан үзілді-кесілді бас тарту керек» [20], - деп дін көшбасшылары өз ойларын білдірді.

Қорытынды:

Діни экстремизмді шешу үшін көптеген алдын алу шаралары жасалды. Біріншісі, жастардың тәрбиесі мен біліміне мән беру болып табылады. Сонымен қатар, ең маңызды шара - заңдардың қабылдануы. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік туралы заңнамасында экстремизм мен терроризмге қарсы заңдар қабылданып және ҚР Президентінің жарлықтары жарияланды. Шанхай ынтымақтастық ұйым мен Азия өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесі сияқты көптеген әртүрлі саяси ұйымдар да профилактика жүргізеді. Және де, Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасы мен Қазақстан Халқы Ассамблеясы да осы мәселенің төңірегінде ат салысуда. Экстремистік және террористік ұйымдардың басты мақсаты елдегі сепаратизмді тұтандыру болып табылады. Ал бұған қарсы ең басты еліміздің қаруы – біртұтастық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Халық, этникалық құрамы және діні: санақ бойынша қорытынды. 2022 жыл 1 қыркүйек. [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген: <https://www.the-village-kz.com/village/city/news-city/25131-chislennost-naseleniya-etnicheskiy-sostav-i-religiya-opublikovany-kratkie-itogi-perepisi-naseleniya>

2. Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы N 1128-ХІІ Заңы. Күші жойылды – ҚР 2011.10.11 № 483-ІV Заңымен «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Сілтеме бойынша келтірілген:

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000_

3. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 67 Заңы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Сілтеме бойынша келтірілген:

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970000167_#z253

4. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 23 ақпандағы N 33 Заңы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Сілтеме бойынша келтірілген:

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000033_/links

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. Сілтеме бойынша келтірілген: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

6. Сматлаев Б.М. Қазақстан Республикасындағы терроризммен және экстремизммен күресу мәселелері: Нұр-Сұлтан қ. «Центр Элит» 2021 ж. – 19 бет.

7. Қазақстан жаңалықтары: Астана. 14 қазан. «Kazakhstan Today» [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген: <https://nomad.su/?a=5-200910150313>

8. «Preventing violent extremism through promoting inclusive development, tolerance and respect for diversity» / Норвегия, Осло қ. 2016 ж. 14-16 наурыз. UNDP әлемдік кездесу. [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген: <https://data.unhcr.org/en/documents/download/49698>

9. Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N31 Заңы 1 бап, 4-бөлімі.

10. Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 10 ақпан N332.

11. Қазинформ/Қадыржан Смағұлов Алматы. 2007 ж. 17 қазан. [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген: <https://online.zakon.kz/m/amp/document/30134992>

12. Джулиан Боргер - "Сыртқы істер хатшысының пікірінше, батыс төніп тұрған қауіп-қатерден құтыла алмайды": Үндістан, Амети. 2009 ж. 15 қаңтар. [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген: <https://www.theguardian.com/politics/2009/jan/15/war-on-terror-miliband>

13. М.А.Кочубей, П.Л.Мареєв, А.А.Смирнов, Е.В.Сутормина - "Жастар арасындағы терроризм мен экстремизмнің алдын алу": Мәскеу қ. 2018 ж. 70 -бет.

14. Pew зерттеу орталығы «Әлем мұсылмандары: дін, саясат және қоғам» // 2013 ж. 13 сәуір. [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген: <https://www.pewresearch.org/religion/2013/04/30/the-worlds-muslims-religion-politics-society-overview/>

15. Конституцияның 1-бөлімінің 1 бабының 1 тармағы / 1995 ж. 30 тамыз.

16. Sputnik: Қазақстандағы діни экстремизммен күресу үшін комикстер қолданылатыны туралы // Нұр-Сұлтан қ. 2021 ж. 9 желтоқсан. [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген: <https://ru.sputnik.kz/20211209/Borotsya-s-religioznum-ekstremizmom-v-Kazakhstane-budut-borotsya-s-pomoschyu-komiksov-18864202.html>

17. Буканова Ж.К., Каримова Ж.К., Амреева Л.М., Зайниева Л.Ю. и др. Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2014». – Астана: НИЦ «Молодежь», 2014. – С. 152.

18. Евгений Завялов - "БАҚ материалдарында Орта Азия елдеріндегі (Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан) және Ресейдегі дін және наным мәселелері. 2016 ж. сәуір - 2017 ж. сәуір" : Бішкек қ. 2017 ж. 22-бет.

19. Sputnik: Теміртаулық блогерге экстремистік насихат үшін айыппұл салынды // Алматы қ. 2020 ж. 10 қыркүйек. [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген: <https://ru.sputnik.kz/20200910/blogger-ekstremistskaya-lektsiya-14920077.html>

20. Informburo: Нұр-Сұлтанда өткен съезде әлемдік діндер көшбасшылары не туралы келісті // 2022 ж. 15 қыркүйек. [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген: <https://informburo.kz/novosti/o-cyom-dogovorilis-lidery-mirovux-religii-na-sezde-v-nur-sultane>